



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталықтың» 2026 жылғы 7 сәуір күнгі №133 санды шығыс хатына сәйкес, техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласындағы ынтымақтастықты дамыту, балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық бағыттарға қызығушылығын арттыру, инженерлік ойлауды, білім алушылардың шығармашылық құзыреттілігін және кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру мақсатында «Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, дрон, көлік, кеме құрастыру)» аудандық байқауы ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 15 сәуіріне дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта

Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 87087157381

«БЕКІТЕМІН»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы
Самылтыров Б.Самылтыров
« 08 » « 04 » 2026 жыл

**«Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың
(әуе, зымыран, дрон, көлік, кеме құрастыру)»
аудандық байқауын өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1.1. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, дрон, көлік, кеме құрастыру) аудандық байқауын өткізу ережелері (бұдан әрі – Жарыс) оның мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, оны ұйымдастыру, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

1.2. **Жарыстың мақсаты:** техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласындағы ынтымақтастықты дамыту, балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық бағыттарға қызығушылығын арттыру, инженерлік ойлауды, білім алушылардың шығармашылық құзыреттілігін және кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру.

1.3. **Жарыстың міндеттері:**

Техникалық шығармашылық саласындағы білім алушылар мен педагогтер арасында байланыстар мен тәжірибе алмасуды нығайту;

Өнертапқыштық және инженерлік технологиялар саласындағы жетістіктер мен үздік тәжірибелерді насихаттау;

Балалар мен жасөспірімдердің инновациялық және зерттеу қызметін ынталандыру; модельдеу, инженерлік және қолданбалы шығармашылық саласындағы болашақ құзыреттерін дамыту;

техникалық шығармашылық және өнертапқыштық саласындағы талантты және дарынды білім алушыларды анықтау;

аудандық байқауға қатысу арқылы балалардың қосымша білім алуға қатысуын кеңейтуге ықпал ету.

1.4. Байқау (**офлайн**) форматта өткізіледі.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

2.1. Аудандық байқау **2026 жылдың 17 сәуір күні Балалар мен жасөспірімдер орталығының базасында өткізіледі.**

2.2. Аудандық байқауға қатысу туралы мекеме басшыларының қолы қойылған өтінімдер электронды түрде **2026 жылдың 15 сәуіріне дейін** abb_gauharjan@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. **2026 жылғы 15 сәуірінен** кейін түскен өтінімдер қарастырылмайды.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқаудың аудандық кезеңіне жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

3.2. Байқауға қатысушылардың жасы: **10-17 жас.**

Ескерту: Байқау өтетін орнына дейін жету кезінде, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерлеріне кері қайту кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі мекеме басшыларының бұйрығы негізінде топ жетекшілеріне жүктеледі.

Әрбір топ қатысушысы байқауды өткізу орнына дейін жету кезінде, байқауды өткізу барысында және тұрғылықты жеріне кері қайту кезінде өз заттарының қауіпсіздігіне жауапты.

4. Байқауды өткізу шарттары мен тәртібі

4.1. Балаларды іс-шараларға араластыру арқылы қосымша біліммен қамтылуын арттыру үшін өткізіледі.

4.2. Байқаудың барлық кезеңдері келесі модельдердің кластары бойынша өткізіледі.

Радиомен басқарылатын көлік модельдері:

- 1) 1:10 масштабта көлік модельдерін мәнерлеп жүргізу; РЦБ класы;
- 2) 1:10 масштабта багги жарысы (4wd). Багги-10Э.

Әуе модельдері:

- 1) F-3-P (пенолёт) моделі;
- 2) кордалы жарты копия, контурлы моделі;

Дрондар жарысы:

- 1) Micro dron;
- 3) квадрокоптер.

Кеме модельдері:

- 1) Ф -2 -А;
- 2) F-4-B немесе F-4-C (бір модель);
- 3) FSR- Eco Mini Expert.

Зымыран модельдері:

- 1) S9A – ротошют.

Ескертпе: тек бір қатысушы екі бағыт бойынша қатыса алады.

4.3. Қатысушылар байқауға өздерімен бірге әкелінген материалдар мен жабдықтарды пайдаланады. Ұйымдастырушылар байқауларды өткізу үшін материалдармен жабдықтарды ұсынбайды.

4.4. Командалар қосалқы модельдер жиынтығын қамтамасыз етуі тиіс. Жабдықтың күтпеген бұзылуын емес ақауы болған жағдайда ұйымдастыру комитеті оларды жөндеуге немесе ауыстыруға жауапты болмайды.

5. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

5.1. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен (жетекшінің аты-жөні жазылған) марапатталады.

**«Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың
(әуе, зымыран, дрон, көлік, кеме құрастыру)» аудандық
байқауға қатысуға өтінім**

№	Модельдердің кластары	Қатысушының Т.А. (толық, құжат бойынша)	ЖСН, жынысы	Қатысушының тұрғылықты мекенжайы, индекс, толық (облыс, қала, аудан), электр. поштасы, телефоны	Білім беру ұйымы (облыс, аудан, ауыл), сыныбы	Қатысушы педагогінің Т.А.Ә. (толық, құжат бойынша), телефоны
1	радиомен басқарылатын көлік модельдері					
1.1	1:10 масштабта көлік модельдерін мәнерлеп жүргізу; РЦБ класы					
1.2	1:10 масштабта багги жарысы (4wd). Багги-10Э					
2	әуе модельдері					
2.1	F-3-P (пенолёт) моделі					
2.2	кордалы жарты копия, контурлы моделі					
3	дрондар жарысы					
3.1	micro dron					
3.2	квадракоптер					
4	кеме модельдері					
4.1	Ф -2 –А					
4.2	F-4-B немесе F-4-C (бір модель)					
4.3	FSR- Eco Mini Expert					
5	зымыран модельдері					
5.1	S9A – ротошют					

Топ жетекшілері: (Т. А. Ә. (толық), жұмыс орны, лауазымы, телефоны
